

**КАСПИЙ ТЕҢІЗІНІҢ ЖЕР ҚОЙНАУЫН ИГЕРУ МЕН ПАЙДАЛАНУ
БАРЫСЫНДАҒЫ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДІ
ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕУ**

Аймагамбетова Ж.Р.

*«Құқық» білім беру бағдарламасының 2 курс магистранты
Қазақ-Орыс Халықаралық университеті; 030 006, Ақтөбе қ., Әйтеке би к-сі, 52;*

Бұл мақалада Каспий теңізінің жер қойнауын игеру мен пайдалану барысындағы экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуді құқықтық реттеу тәртібі туралы айтылады.

Түйінді сөздер: Каспий теңізі, Қазақстан Республикасының Конституциясы, Үкімет, экологиялық қауіпсіздік.

**ПРАВОВОЕ РЕГУЛИРОВАНИЕ ОБЕСПЕЧЕНИЯ ЭКОЛОГИЧЕСКОЙ
БЕЗОПАСНОСТИ ПРИ ОСВОЕНИИ И ИСПОЛЬЗОВАНИИ НЕДР КАСПИЙСКОГО
МОРЯ**

Аймагамбетова Ж.Р.

*Магистрант 2 курса образовательной программы «Право»
Казахско-Русский Международный университет; 030006, Ақтөбе, ул. Әйтеке би, 52;*

В данной статье речь пойдет о правовом регулировании обеспечения экологической безопасности при освоении и использовании недр Каспийского моря.

Ключевые слова: Каспийское море, Конституция Республики Казахстан, Правительство, экологическая безопасность.

**LEGAL REGULATION OF ENSURING ENVIRONMENTAL SAFETY DURING
EXPLOITATION AND SUBSURFACE USE OF THE CASPIAN SEA**

Aimagambetova Zh.R.

*The 2nd year Master's student of the educational program «Law»
Kazakh-Russian International University, 030006, Aktobe, 52, Aiteke bi St.;*

This article is referred to legal regulation of ensuring environmental safety during exploitation and subsurface use of the Caspian sea.

Key words: Caspian Sea, Constitution of the Republic of Kazakhstan, Government, environmental safety.

Мәселені қою. Каспий теңізінің акваториясы - теңізде көмірсутегі шикізатын өндіру саласындағы болашағы зор аймақтардың бірі. Қазіргі таңда экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мұнай мен газды өндіру және өңдеу саласындағы жобаларды жүзеге асыруда, сондай-ақ Қазақстан Республикасында да, шет мемлекеттерде де энергетикалық және басқа жобаларды жүзеге асыруда маңызды міндетке айналды. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі экологиялық қауіпсіздік стратегиясында Қазақстан Республикасының су айдындарының тұрақты жұмыс істеуі маңызды элементтердің бірі болып табылады.

Қазақстан Республикасының Конституциясының 31-бабында көзделгендей «Мемлекет адамның өмір сүруі мен денсаулығына қолайлы айналадағы ортаны қорғауды мақсат етіп қояды» [1]. Мінекей, сондықтан да жалпы мемлекет және халыққа қызмет ететін Үкімет Каспий теңізінің табиғи кен орындарын игеру барысында адамдардың өмірі мен денсаулығына қатер төндірмейтіндей өз қызметтерін іске асыра білу керек [2].

Каспий теңізінің солтүстік бөлігіндегі мемлекеттік қорық аймағындағы теңізде көмірсутектерді барлауды және өндіруді жүргізу кезінде жер қойнауын пайдаланушылар Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінде көзделген экологиялық талаптардың сақталуын қамтамасыз етуге міндетті [3].

Соңғы зерттеулер мен жарияланымдарды талдау. Сарапшылардың бағалауы бойынша Каспий өңірінде мұнайдың әлемдік дәлелденген қорының 6,5 млрд тоннаға жуығы және табиғи газдың әлемдік дәлелденген қорының 40% - ға жуығы (89 трлн текше метр) шоғырланған. Бұдан басқа, Каспий түбі геологиялық зерделенудің жоғары дәрежесімен сипатталады [4].

Зерттеудің негізгі материалдары. Дәл осы Каспий теңізінде соңғы уақытта ашылған ең үлкен жаңалықтардың бірі - Теңіз жағалауы мемлекеттері (Ираннан басқасы) бір ғана жылы тәулігіне 130200 млн. баррель өндірген болатын. Бірақ, 2001 жылы бұл сандық көрсеткіш тәулігіне 1,3 млн. жетті. Болжамдар бойынша 2005 жылы бұл көрсеткіш 2 млнға жетсе, 2010 жылы 3,7 млн. баррель тәулігіне өндірілуге тиіс. 2020 жылы тәулігіне 6,5 млн. баррель мұнай өндіретін жағдайға әбден жетуі мүмкін. Егер бұған қарсы Каспий теңізін ластанудан қорғайтын экологиялық шараларды қатар қолдануды қолға алмайтын болса, онда 3,5 тен 4,7 есе ластану жағдайы орын алады[5].

Сонымен қатар, Каспий теңізіндегі теңіз өндірісінің сөзсіз бәсекелестік артықшылықтары солтүстік теңіздердің қайраңдарымен салыстырғанда климаттық және техникалық жағдайлар (жылы климат және таяз тереңдік) екенін атап өткен жөн. Бұл фактілердің барлығы облыстың бірте -бірте ірі мұнай -газ өндіру кластеріне айналуына әкеледі. Сондай-ақ, Каспий теңізінде жер қойнауын пайдалану ауқымының ұлғаюы теріс салдарға әкеп соғады. Мұндағы жер қойнауын пайдалану деп көмірсутегі шикізатын геологиялық зерттеуге, барлауға және өндіруге байланысты қызмет түсініледі.

Осы қызмет түрлерінің әрқайсысы су қоймалары мен су ағындарының, түбінің минералды ресурстарының, атмосфералық ауаның және биотаның экологиялық жағдайына теріс әсер етуі мүмкін.

Бұл әсер көбінесе пайдалы қазбалардың сарқылуына, қоршаған ортаның ластануына және биотаның өліміне байланысты жағымсыз факторлар түрінде көрінеді. Осы факторлардың пайда болу қаупін толығымен жою мүмкін емес, бірақ оның ықтималдығын мүмкіндігінше азайтуға болады[6].

Осылайша, біз жер қойнауын пайдалануда экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша экологиялық-құқықтық реттеуді дамытудағы негізгі міндет - бұл тәуекелді барынша азайту болып табылады деп қорытынды жасауға болады.

Каспий теңізінің қоршаған ортасына Еділ, Орал және Сулақ өзендерінен теңізге түсетін су, сондай-ақ теңіз акваториясы арқылы мұнай өнімдерін тасымалдайтын танкерлер негізгі теріс әсер ететіні белгілі.

2006 жылы Каспий теңізінің теңіз ортасын қорғау жөніндегі негіздемелік конвенция күшіне енді, ал кейінірек оған нақтылайтын үш хаттама қабылданды. Алайда Каспий теңізіндегі экологиялық жағдайдың айтарлықтай жақсаруы байқалмады.

Су қоймасының жабық сипаты, потенциалды экологиялық қатерлер мен мұнай мен газ өндіру тәуекелдері Каспий маңы мемлекеттері үшін жалпы сипатқа ие. Бұл факты А.М. Муртазалиев дұрыс атап өткендей, Каспий теңізінде экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуді экологиялық және құқықтық реттеуді дамытуда жағалаудағы мемлекеттердің жалпы ынтымақтастығының қажеттілігін тудырады [7].

Осылайша, зерттеу тақырыбының өзектілігі жоғарыда аталған факторлармен, сондай-ақ отандық және шетелдік зерттеулерде осы тақырыпты аз зерттеумен анықталады.

Қорытындылар мен ұсыныстар. Каспий өңіріндегі Каспий маңы және басқа да елдердің ресурстық саясатының мазмұны мен мәні осы өңірде төрт ірі жанжалды мәселелерді тудырып отыр, атап айтқанда:

- барлық жағалаудағы мемлекеттер қабылдаған Каспий теңізінің халықаралық құқықтық мәртебесінің болмауы, онсыз мұнай-газ ресурстарын игеру үшін шетелдік капиталды тарту саяси-құқықтық сипатына байланысты қиын болып келеді;
 - Каспий мұнайының негізгі көлемдерін тасымалдау бағыттары туралы белгісіздік;
 - Каспий аймағының экологиясы мен биологиялық ресурстарын сақтауға үлкен қаражат бөлу қажеттілігі;
 - ықтимал квота қақтығысы және бірегей биологиялық ресурстарды, бірінші кезекте бекіре балықтарының түрлерінің қорын тиімді пайдалану.
- Сондай-ақ, табиғи және техногендік апаттардың алдын алу және олардың салдарын азайту бойынша жұмысты жүйелі түрде күшейту қажет деген ойдамын.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы. 30.08.1995 ж.;
2. Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексі. 02.01.2021 ж.;
3. «Каспий теңізінің теңіз ортасын қорғау жөніндегі негіздемелік конвенцияны ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 13 желтоқсандағы N 97 Заңы;
4. Overview of oil and natural gas in the Caspian Sea region. EIA, 2013, p.8;
5. Боголюбов С.А. Правотворчество в сфере экологии. М., 2010.;
6. Бринчук М.М. Обеспечение экологической безопасности как правовая категория // Государство и право. 2008. N 9.
7. Муртазалиев А.М. Правовые проблемы охраны окружающей среды в бассейне Каспийского моря. Диссертация на соискание ученой степени доктора юридических наук, Москва, 2006 год. С.60;